

SWIFT жүйесі бойынша шетел валютасындағы аударымдар

SWIFT жүйесі 1973 жылы құрылды. Оны құруға 15 елден 239 банк қатысты. Содан бері жүйеге қосылған банктердің саны үнемі өсіп келеді. Дамуының 30 жылдан астам уақытында ол қаржылық телекоммуникация саласының көшбасшысына айналды.

Артықшылықтары:

- Әлемнің кез келген еліне ең төменгі тарифтер бойынша шектеусіз ақша сомасын жіберу мүмкіндігі;
- Заңды және жеке тұлғаларға қаражат аудару мүмкіндігі;
- Аударымды кез келген валютада жіберу мүмкіндігі;
- Аударымды жеткізу 2-3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;
- Аударымды жіберу қауіпсіздігі әлемдік деңгейдегі қауіпсіз қауіпсіздік жүйесімен расталады (SWIFT банкаралық телекоммуникацияларын пайдалануы);
- Адресаттың қаражатты дәл белгіленген мерзімде алу кепілдігі.

Банктің комиссиясын төлеу тәсілі Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес клиенттің өзі таңдауы мүмкін:

- Жіберуші есебінен (OUR): Freedom Bank және корреспондент-банктің комиссиясы ақша жіберуші-Freedom Bank клиентінің есебінен төленеді, үшінші тараптардың комиссиялық сыйақысы ақша алушы бенефициардың есебінен төленеді;
- Бенефициар есебінен (BEN): Freedom Bank комиссиясы ақша жіберуші– Freedom Bank клиентінің есебінен төленеді, ал корреспондент-банктің және үшінші тараптардың комиссиялық сыйақысы ақша алушы бенефициардың есебінен төленеді;
- Кепілдендірілген төлем (GOUR): Freedom Bank, корреспондент - банк және үшінші тараптардың комиссиясы ақша жіберуші - Freedom Bank клиенті есебінен төленеді;
- Өзара шығындар (SHARE): Freedom Bank және корреспондент - банктің комиссиясы ақша жіберушісі-Freedom Bank клиентінің есебінен төленеді, ал делдал банк пен бенефициар банктің комиссиялық сыйақысы бенефициардың есебінен төленеді.

Аударымды басқа банкке жіберу үшін сізге:

1. Кез келген Freedom Bank филиалына немесе сату басқармасына хабарласу арқылы Freedom Bank-те ағымдағы шот ашу қажет. Кейбір жағдайларда шот ашпай аударым жіберуге болады;
2. Ақша алушының деректемелерін білу қажет:
 - Ақша алушының ТАӘ, шот нөмірі немесе шот болмаса алушының паспорттық деректері (паспорттық деректерге аударымдарды барлық банктер қабылдай бермейді);
 - Бенефициар банкінің атауы, оның орналасқан қаласы мен елі, бенефициар банкінің SWIFT-коды не бенефициар банкінің басқа да сәйкестендіру коды;
 - Ресей рублимен ақша аудару үшін жоғарыда көрсетілген деректемелерден басқа: ақша алушының СТСН, бенефициар банкінің БСК және корреспонденттік шоты, валюталық операциясының коды «ВО» қажет.
3. Жеке басын куәландыратын құжатты көрсету қажет;
4. Аударым туралы өтінішті толтырып, Freedom Bank шот менеджеріне беру қажет;
5. Аударым комиссиясын ескере отырып, қажетті соманы шотқа салу қажет.

SWIFT аударымдары бойынша операцияларды жасау тәртібі және ақша алатын елдердің тізімі туралы толық ақпаратты Freedom Bank қызмет көрсететін менеджеріне хабарласқан кезде алуға болады.

Басқа банктен аударым алу үшін сізге:

1. Кез келген Freedom Bank филиалына немесе сату басқармасына хабарласып Freedom Bank-ге ағымдағы шотын ашу қажет. Жөнелтушіге өз деректемелерін жіберу қажет;
2. Аударымды алу үшін валюталық бақылау рәсімінен өту үшін Freedom Bank-ке хабарласу қажет. Сіздің жеке басыңызды куәландыратын жарамды құжатыңыз болуы керек.

SWIFT жүйесі бойынша тарифтер:

SWIFT жүйесі бойынша шетел валютасындағы халықаралық аударымдар (ресей рублінен және ҚХР-ға аударымдардан басқа) 16.00-ге дейін төлем ағымдағы күні орындалады, 16.00-ден кейін төлем келесі жұмыс күні орындалады (кредит қаражатының аударымдарын қоспағанда)		
Ақша алушы есебінен (BEN/SHA)	Қазақстан Республикасының азаматтары	Шет мемлекеттердің азаматтары
	0,2% сомадан мин. 5 000 тг - макс. 60 000 тг	0,5% сомадан мин 50 000 тг - макс 450 000 тг
Ақша жөнелтуші есебінен (OUR)	Қазақстан Республикасының азаматтары	Шет мемлекеттердің азаматтары
	0,3% сомадан мин 15 000 тг - макс 60 000	0,5% сомадан мин 50 000 тг - макс 450 000 тг
Ақша жөнелтушінің есебінен кепілдендірілген төлем (GOUR)	Қазақстан Республикасының азаматтары	Шет мемлекеттердің азаматтары
	0,35% сомадан мин 15 000 тг - макс 90 000 тг	0,55% сомадан мин 50 000 тг - макс 480 000 тг
SWIFT халықаралық аударымдары Ресей рублімен 17.00-ге дейін төлем ағымдағы күні орындалады, 17.00-ден кейін төлем келесі жұмыс күні орындалады		
RUB	0,10% сомадан мин. 5000 тг / макс. 20 000 тг	
SWIFT жүйесі бойынша Қытай Халық Республикасына қытай юанімен және АҚШ долларымен халықаралық аударымдар 11.30-ға дейін төлем ағымдағы күні, 11.30-дан кейін төлем келесі жұмыс күні, күні орындалады		
ақша алушы есебінен:		
USD (SHA/BEN) / CNY(BEN)	0,15% сомадан мин. 3 000 тг / макс. 50 000 тг	
ақша жөнелтуші есебінен (OUR)		
USD / CNY	0,15% сомадан мин. 8 000 тг / макс. 50 000 тг	

Қосымша түсініктеме алу үшін Сіз Freedom Bank байланыс орталығына әрқашан хабарласа аласыз:

www.bankffin.kz

595 – ұялы телефоннан тегін